

Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2500. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481-II Кодексімен

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Су кодексі K933000_ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне: 1993 жылғы 1 тамызға дейін:

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Қазақстан Республикасының Заң құжаттарын Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес келтіру туралы ұсыныстар беру;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес келтіру;

Қазақстан Республикасының Су кодексіне қайшы келетін өздерінің қалыптық құжаттарын Қазақстан Республикасының Министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары қайта қарап, олардың күшін жоюын қамтамасыз ету;

1993 жылғы 1 қыркүйекке дейін:

Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау туралы ережені әзірлеп, бекіту;

Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы ережені әзірлеп, бекіту; арнайы және жеке су пайдалануға келісім және рұқсаттар беру тәртібін белгілеу;

айрықша мемлекеттік маңызы не айрықша ғылыми құндылығы бар, пайдалануға берілуіне шек қойылуы не толығымен тыйым салынуы мүмкін су тоғандарының тізбесін бекіту;

су пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтер үшін ақы алу тәртібі мен шарттарын белгілеу;

су шаруашылық шараларын жүргізумен, су пайдалануды доғарумен немесе оның шарттарын өзгертумен келтірілген зияндарды өтеудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу;

республикалық маңызы бар сауықтыру мақсатындағы су тоғандардың тізбесін бекіту;

су жолдарын кеме қатынайтын су жолдары категориясына жатқызу тәртібін,
кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдарының тізбесін және оларды пайдалану
е р е ж е л е р і н б е л г і л е у ;

әуе көлігінің мұқтаждары үшін су тоғандарын пайдалану тәртібі мен
ш а р т т а р ы н б е л г і л е у ;

балық шаруашылығының мұқтаждары үшін су пайдаланудың тәртібін,
спорттық және әуесқойлық балық аулау кәсібі үшін су тоғандарын пайдалану
е р е ж е л е р і н б е к і т у ;

өрт сөндіру мұқтаждары үшін суды пайдалану тәртібін белгілеу;
суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану, мемлекеттік су кадастры
мен су мониторингін жүргізу, су шаруашылық баланстарын жасау, суды кешенді
пайдалану, ұдайы молықтыру мен қорғау схемаларын әзірлеу және бекіту
тәртібін б е л г і л е у т а п с ы р ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Су кодексі жарияланған күннен бастап:
1972 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің
Су кодексі /Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1973, N 1; 1980, N 24; 1984
, N 36, 447-құжат; 1988, N 2, 19-құжат/;

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 жылғы 9 наурыздағы "Қазақ
КСР Су кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" Жарлығы (Қазақ КСР Жоғарғы
Кеңесінің Жаршысы, 1973, N 11) күшін жойды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Аграрлық мәселелер және
азық-түлік жөніндегі комитетіне осы қаулымен көзделген шаралардың іске
асырылу барысын бақылауды қамтамасыз ету және қажет болған кезде Қазақстан
Республикасы Жоғарғы Кеңесіне тиісті ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы